

**Жайсаң ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 6 қыркүйектегі № 1 "Жайсаң ауылдық округі көшелеріне атау беру және атауын өзгерту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Жайсаң ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 28 қазандағы № 9 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 қазанда № 7566 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26 бабына сәйкес, Жайсаң ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жайсаң ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 6 қыркүйектегі № 1 "Жайсаң ауылдық округі көшелеріне атау беру және атауын өзгерту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-8-138 болып тіркелген, 2011 жылғы 20 қазанда "Мәртөк тынысы" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

шешімнің кіріспесі келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармақшасына сәйкес және халықтың пікірін ескере отырып, Жайсаң ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**";

қазақ тіліндегі шешімнің 1 тармағындағы "округінің" сөзі "округінің" сөзімен ауыстырылсын;

шешімнің орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жайсаң ауылдық округі әкімінің  
міндетін атқарушы*

*Б. Коптлеуов*